

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

«30» 09 2024 ж

Толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Өткізілетін орны: Шахтинск қаласы, Панфилова, 4

Қатысқан адам саны -5

Күн тәртібінде:

1. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету
2. «Мектепке жол» акциясы кезінде жалпыға міндетті оқу қорынан әлеуметтік қорғалмаған топтардан шыққан оқушыларға көмек көрсету туралы есеп.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен сөз алды.

Бала қауіпсіздігі қашанда бірінші орында тұратын мәселе, сол себепті де барлық оқушылармен мектепте, мектептен тыс жерде, ғаламтор желісінде, жолдан өту барысында, көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп өтті, аталған жұмыс оқушылармен үнемі ұйымдастырылып отырады. Біз бүгін қазіргі қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі – балаларымыздың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін талқылау үшін жиналды.

Жақында балалар мен жасөспірімдерді басқара алатын және оларды психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін қауіпті онлайн ойындар мен топтардың саны артты.

Бізді алаңдататын нәрсе – балалар әлеуметтік желілерде түрлі жағымсыз жағдайларға тап болады, кейде тіпті өз өмірлеріне қауіп төндіреді. Мектепте мектептен тыс уақыттарда бала тәрбиесін қамтамасыз ету үшін мектеп-ата –ана қарым-қатынастарын нығайту қажет. Ата-аналарды мектеп өміріне көбірек тарту қажет. Балалардың бос уақытын тиімді қолдану үшін түрлі үйірмелерге қатыстыру қажет деп ойлаймын. Мектебімізде түрлі үйірмелер жұмыс жасауда және де қосымша білім беру ұйымдарында тегін үйірмелер бар. Оқушыларды үйірмелерге беру арқылы бос уақытын сапалы өткізуге бағыт беру қажет. Мектепте оқушылардың қауіпсіздігі үшін барынша жағдай жасалған. Бала бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде бірігіп жұмыс жасайық.


Шешім:

Бала қауіпсізідін қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар мен түсіндірме жұмыстары жалғастырылсын.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.С.Макенова тыңдалды. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік осал топтар арасынан 4 оқушы мектепке даярлануда көмек алды. Оқушыларға кәңцелярлық тауарлар мен күзгі киімдер табыс етілді. Аталған акция жыл сайын ұйымдастырылады. Мақсаты мектеп жасындағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету болып табылады.


Шешім: мектеп жасындағы барлық оқушы акция аясында көмекпен қамтылсын. Аталған акцияға жыл сайын қатысып, әлеуметтік осал топтағы оқушылар бақылауға алынсын.

Жиын төрағасы:








Ерханова Гулим Жанболатовна

Хатшы:



Біржікен Эльмира Отаралықызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Сайран Алтынгүл 
2. Кибадил Шамерхан 
3. Тукбергенова Кумушой Эрмакбаевна 
4. Кубеева Жансулу Спандияровна 
5. Гулия Хатшыбай 

Немірленген және байланған
2 (екі) бет
Қамқоршылық кеңес төрағасы
Ерханов